

Н.Д. Худайбергенов

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

Алматы, Қазақстан

E-mail: nqudaibergen@gmail.com

ORCID: 0000-0003-2482-0524

М.ОМАРОВАНЫҢ ПЬЕСАЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ МОДЕРНИСТІК АЙШЫҚТАР

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі қазақ драматургиясының көрнекті өкілі М.Омарованың драмалық туындылары талдау нысанына алынған. Себебі, 30-дан астам пьеса жазған және оның 25-і республикалық һәм облыстық театрларда қойылған автордың шығармалары әлі күнге дейін әдебиеттанушылардың назарына көп іліге қойған жоқ. Мақалада драматургтің қаламгерлік қолтаңбасы, көркем шығармаларының өзіндік ерекшеліктері қазіргі әдебиеттің көркемдік-эстетикалық үрдістері аясында талданады. М.Омарова – тарихи тақырыпты та, заманауи тақырыпты да қатар игерген жазушы. Сондықтан, мақалада жазушы-драматургтің тарихи жанрдағы пьесаларымен бірге, қоғамның қазіргі түйткілді мәселелерін арқау еткен туындылары да талданып, олардың жанрлық-стильдік, мазмұндық-формалық ерекшеліктері туралы сөз етіледі. Әдетте, жазушы тарихи тақырыптағы шығармаларында классикалық әдебиеттің поэтикалық мүмкіндіктерін кеңінен қолданатын болса, қоғамның әлеуметтік мәселелерін арқау еткен шығармаларында модернизм мен постмодернизм поэтикасының мүмкіндіктерін пайдаланатыны байқалады. Біз оны жазушының көркем шығармаларындағы уақыт пен кеңістіктен, кейіпкерлер бейнесінен және шығарма тілінен көреміз. Өз кезегінде жазушының заманауи тақырыптағы пьесалары түрлік-формалық, нарратологиялық-дискурстық тұрғыдан да өзгеше екендігі анықталды. Мақала қазіргі қазақ драматургиясының беталысын бағамдап, болашағына болжал жасауға, қазіргі жас қаламгерлердің қолтаңбасын тануға, жаңа драма жанрының табиғатын тереңірек түсінуге және М.Омарованың шығармашылық әлемімен жақынырақ танысуға сеп болады.

Алғыс: Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP14871946).

Кілт сөздер: қазақ әдебиеті, драматургия, дәстүр мен жаңашылдық, тарихи жанр.

Н.Д. Худайбергенов

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова

Алматы, Казахстан

E-mail: nqudaibergen@gmail.com

ORCID: 0000-0003-2482-0524

Традиционные и модернистские черты в пьесах М. Омаровой

Аннотация. В данной статье анализируются пьесы М. Омаровой, известной представительницы современной казахской драматургии. Причина в том, что произведения автора, написавшего более 30 пьес, из них 25 были поставлены в республиканских и областных театрах, до сих пор не привлекли внимания литературных критиков. В статье анализируется авторский почерк драматурга, оригинальные особенности его произведений в контексте художественно-эстетических тенденций современной литературы. М. Омарова – писатель, освоивший как историческую, так и современную тематику. Поэтому в статье наряду с пьесами писателя-драматурга в историческом жанре анализируются произведения,

основанные на актуальных проблемах общества, обсуждаются их жанрово-стилевые, содержательно-форменные особенности. Как правило, если писатель широко использует поэтические возможности классической литературы в своих произведениях на исторические темы, то видно, что в своих произведениях, основанных на социальных проблемах общества, он использует возможности поэтики модернизма и постмодернизма. Мы видим это в произведениях писателя в художественном времени и пространстве, характерах и языке. В свою очередь установлено, что пьесы писателя на современную тему различны по форме, повествованию и дискурсу. Статья поможет оценить современное состояние казахской драматургии, спрогнозировать ее будущее, узнать почерк современных молодых писателей, понять природу нового жанра драматургии и ближе познакомиться с творческим миром М.Омаровой.

Благодарности: Исследование было профинансировано Комитетом по науке Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (AP14871946).

Ключевые слова: Казахская литература, драматургия, традиции и новации, исторический жанр.

N.D. Khudaibergenov

M.O. Auezov Institute of Literature and Art

Almaty, Kazakhstan

E-mail: nqudaibergen@gmail.com

ORCID: 0000-0003-2482-0524

Traditional and modernist features in the plays of M. Omarova

Abstract. This article analyzes the plays of M. Omarova, a famous representative of modern Kazakh drama. The reason is that the works of the author, who wrote more than 30 plays, 25 of which were staged in republican and regional theaters, have not yet attracted the attention of literary critics. The article analyzes the author's handwriting of the playwright, the original features of his works in the context of artistic and aesthetic trends in modern literature. M. Omarova is a writer who has mastered both historical and contemporary topics. Therefore, in the article, along with the plays of the writer-playwright in the historical genre, works based on current problems of society are analyzed, their genre-style, content-formal features are discussed. As a rule, if a writer widely uses the poetic possibilities of classical literature in his works on historical topics, then it is clear that in his works based on social problems of society, he uses the possibilities of the poetics of modernism and postmodernism. We see this in the works of writers in artistic time and space, characters and language. In turn, it has been established that the writer's plays on a modern theme are different in form, narrative and discourse. The article will help to assess the current state of Kazakh drama, predict its future, recognize the handwriting of modern young writers, understand the nature of the new genre of drama and become better acquainted with the creative world of M. Omarova.

Acknowledgements: The research was funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (AP14871946).

Keywords: Kazakh literature, drama, tradition and innovation, historical genre.

1. Кіріспе

Мәдина Омарова – қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Ол проза, драматургия, аударма салаларында жемісті еңбек етіп келеді. Әдеби шығармашылық қызметін әңгіме жанрындағы көркем туындылар жазумен бастаған қаламгердің бұған дейін бірнеше прозалық жинағы жарық көрген болатын. Содан да болар, оқырман қауым оны жазушы ретінде таныды. Зерттеушілер де жазушының әңгімелеріне назар аударып келді. Ал оның драматургиясы туралы пікір айтқан әдебиетшілер, әдетте, «Ақтастағы Ахико» және «Көмбе нанның дәмі» деп аталатын пьесаларынан әрі аса қоймайды. Біз мұны жазушының драматургия жанрына кешірек келуімен

байланыстырамыз. Десе де, М.Омарова соңғы он жыл көлемінде кейбір драматургтер өмір бойы жазатын шығармаларды жазып үлгерді: оның қаламынан отыздан астам пьеса туды. Соның 25-ке жуығы еліміздің театрларында сахналанды («Сарасөз») Бесеуі М.Әуезов атындағы Қазақтың академиялық драма театрында, он жетісі республикалық театрларда қойылды. Бұл – қазіргі қазақ әдебиетіндегі сирек кұбылыс.

М.Омарованың қаламынан «Ақтастағы Ахико», «Көмбе нанның дәмі», «Chanel №5», «Қызыл мия», «Коняк қосылған кофе», «Квартиранттар», «Гүлнар мен Нұржамал», «Жолаушы», «Әділет», «Жүздесу», «Ұйықтап қалма», «Қадір түні», «Ыбырай «Күләш», «Абай. Мінәжат-1», «Абай. Мінәжат-2», «Менің қаһарман шөберем», «Үзілген ән», «Ер Тарғын», «Ғажайып көл», «Тор» сынды пьесалар туды. Ол М.Мағауиннің «Шақан шері», Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романдарын, О.Бодықовтың «Шәмші» хикаятын және У.Шекспирдің Ә.Кекілбайұлы аударған «Король Лир» шығармасын сахнаға ыңғайлап қайта жазды. Сонымен қатар, Н.Қапалбекұлымен бірлесіп «Жамбыл», Б.Әбілмановпен бірлесіп «Абайдың жұмбағы», А.Бактыгереевамен бірлесіп «Жұбан» пьесаларын дүниеге әкелді.

М.Омарова, сонымен бірге, көркем әдеби аудармаларымен де ұлт руханиятына үлес қосып келеді. Ол А.Рюнескэның «Әулие», «Тастанды», «Мұрын», Ф.Ескендірдің «Әтеш», И.Бабельдің «Кәрі Шлойме», М.Павичтің «Ұзаққа созылған түнгі сапар», Герберт Аллан Джайлстың «Таңғажайыпқа сенбейтін жан», Ж.Коктоның «Ажал қарай қарады?», И.А.Айрлендтің «Фантастикалық әңгіменің соңы», Дж.Фрэзердің «Мәңгілік өмір сүру», У.Уэнэньнің «Астарлы әңгіме», Н.Цзяоның «Түлкілер туралы әңгіме», Дж.Джойстың «Мэй Гулдинг», Д.Инхеньеростың «Одип атты Құдай», Б.Брехтің «Үшбақырлық опера», Ф.Достоевскийдің «Балалар», А.Володиннің «Сені сағындым» атты шығармаларын қазақ тіліне тәржімалаған.

Бұл мақалада Мәдина Омарованың драматургиялық туындылары талдау нысанына алынады. Өйткені, оның драматургия жанрындағы көркем шығармаларының көбі әлі де болса зерттеушілердің назарына іліге қойған жоқ. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының мамандары әзірлеген «Қазіргі қазақ драматургиясындағы инновациялық ізденістер» деп аталатын ұжымдық монографияда жазушының «Ақтастағы Ахико» пьесасы талданады (Орда және басқалар, 2020). Алайда, бұл ұжымдық монографияның мақсаты қазіргі қазақ драматургиясындағы жалпы көркемдік үрдістер табиғатын айқындау болғандықтан, М.Омарованың шығармашылығына жан-жақты талдау жасалмаған. Біз белгілі қаламгердің жалпы драматургиялық ізденістері жеке зерттеу нысанына алынуы тиіс деп есептейміз.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеудің әдістері

Аталмыш мақалада көркемдік талдау, жүйелілік-құрылымдық және салыстырмалы әдістер қолданылды.

2.2 Зерттеудің материалдары

Жазушы-драматург Мәдина Омарованың жарық көрген кітаптары, баспасөз беттеріне жарияланған сұхбаттары және оның шығармалары туралы пікір білдірген

әдебиет сыншылары мен зерттеушілердің жазбалары зерттеу жұмысының материалдары ретінде алынды. Зерттеу барысында Р.Нұрғали, Б.Құндақбайұлы, Ө.Бөпежанова, Г.Орда, Г.Сәулембек, Е.Қуатбекұлы сынды отандық ғалымдар мен сыншылардың мақалалары мен зерттеулері басшылыққа алынды.

3. Талқылау

Тәуелсіздікпен бірге келген сөз бостандығы қаламгерлерге совет дәуірінде еркін бойлай алмаған тақырыптарға қайта үңілуге мүмкіндік бергенін айта келіп Г.Орда: «Сондықтан да, тәуелсіздік тұсында оған дейін біржақты бағаланған қазақ тарихы туралы шығармалар молынан жазылды», – дейді (Орда, 2016: 43). Бұл үрдіс қазіргі қазақ әдебиетіндегі ең басты көркемдік үрдістердің бірі болып отыр. Тарихи тақырыптағы көркем шығармалар өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап қазақ әдебиетінде көптеп жазыла бастады десек те, шын мәнінде, ұлт тарихының терең қатпарлары тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетінде мейлінше шынайы әрі жан-жақты ашылды. Бұл кезеңдегі көркемдік санада тарихи жанрдың үстем болуын біз қоғамның түп-тегін таңуға деген талпынысының күшті болғандығымен байланыстырамыз. Өйткені, еркіндікке жеткен кез келген халық сияқты, қазақ ұлты да ұзына тарих бойында жоғалтқан құндылықтарын табуға, жаңғыртуға, оларды ұлттық мүдде тұрғысынан интерпретация жасауға ұмтылды. Бұл үдеріс әлі де жалғасып жатыр және қоғамдық сананың айнасы саналатын көркем әдебиетте көрініс табуда.

Мәдина Омарованың драмалық шығармаларының басым бөлігі тарихи тақырыпты арқау еткен туындылар. Драматургтің «Ақтастағы Ахико», «Көмбе нанның дәмі», «Chanel №5», «Шақан шері», «Қан мен тер», «Ыбырай «Күләш», «Абайдың жұмбағы», «Жамбыл», «Жұбан», «Абай. Мінәжат-1», «Абай. Мінәжат-2», «Шәмші» шығармаларына қазақ жерінде болған тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалар өмірі негіз болған. Жазушы-драматургтің шығармашылығында Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Жамбыл Жабаев, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Сәкен Сейфуллин, Сәкеннің әкесі Сәдуақас, Ақайдың Қасені, Темірбек Жүргенов, Күләш Ахметова, Шәмші Қалдаяқов, Жұбан Молдағалиев, Герольд Бельгер сынды тарихи тұлғалардың бейнесі көрінеді. Драматург осы арқылы қазақ тарихында өз орны бар ірі қайраткерлердің тұтас галереясын жасай білген. Жалпы, «тарихи тақырыпқа жазылған драмалық шығармалардың көркемдігі мен танымдық-тәрбиелік маңызы орасан» (Әнес және басқалар, 2023).

«Көмбе нанның дәмі» пьесасында депортацияға ұшыраған халықтардың Қазақстан жеріне қоныстануы суреттелген. Онда ХХ ғасырдың ірі трагедиялары көрініс тапқан: депортация, соғыс қасіреті, тылдағы өмір т.б. Шығармада бірнеше ұлттың өкілін көреміз: қазақ, кәріс, неміс, түрік, шешен, украин. Әрқайсысының өскен ортасы, ұлты, наным-сенімі, өмір тарихы әртүрлі болғанмен, ендігі тағдыр-талайы ортақ. Олардың бәрін біріктіретін бір нәрсе бар, ол – дәуір басқа салған зұлмат. Бірінің басындағы қайғы-қасірет екіншісінің басындағы қасіреттен асып түспесе, кем түспейді. Мысалы, Ағира – есінен ауысқан кемпір. Оның төрт баласы бірдей соғыста қаза тапқан. Иен далада аң аулап жүретін Диуана шалдың да ұлы соғыста ажал құшқан. Неміс шалдың да жүрегінде жазылмас жара бар – жолда әйелі өліп, әскерилер оны айдалаға лақтырып жіберген. Бригадир соғыстан контузия алып

келіп, өз анасын танымайтын күйге түскен. Оларды осындай аянышты халге жеткізген – замана тауқыметі, метрополияның қатыгездікке негізделген жүйесі. Әкімшіл-әміршіл жүйе оларға адам деп қарамайды, олардың тіпті жаны бар жаратылыс құрлы қадірі жоқ. Қайта оларды жаудың жансызы, адам етін жейтін жауыз деп санайды (Омарова, 2020: 63). Балалар бейнесі шығармадағы мұнды одан әрмен күшейтіп, қасірет бояуын қалыңдатып жіберген. Мысалы, Любаның інісі аштық жылдарында талғажау етер тамақ іздеп кеткен әкесін күте-күте көз жұмады (Омарова, 2020: 71). Ал шығармадағы көркем кеңістік, талай тағдырдың тоғысқан тұсы – қазақ ауылы. Пьесадағы бір шеті Кавказдан, бір шеті Қиыр Шығыстан депортацияға ұшырап келген кейіпкерлердің бейнесі аядай ғана ауылда ашылады. Алайда, шығармадан біз тұтас КСРО халықтарының трагедияға толы тағдырымен танысамыз. Жалпы, «Көмбе нанның дәмі» – өте ауыр шығарма. Себебі, мұның бәрі ойдан шығарылған қорқынышты оқиғалар жиынтығы емес, шынайы өмірде болған, тарихта таңбаланып қалған оқиғалар. Автор бұл пьесаны Қазақстанның мәдениет қайраткері Герольд Бельгердің өмір жолына сүйеніп жазған.

Шығарма қазақ ауылына жер аударылып келген адамдарды пойыздан түсіріп жатқан сәтін суреттеуден басталады. Бастапқыда ауыл адамдары олардан шошып, қашқақтап жүрсе, көп өтпей-ақ олардың өздері сияқты тағдырлас жандар екенін түсінісіп, бір-бірімен етене араласа бастайды. Тілі бөлек болғанмен, тағдыры бір. Осы жерден сюжет байланысы күшейе түседі. Ал шығармадағы бозбала мен бойжеткендердің масақ теруге шығып, өзара әңгімелескен кезінде Жасұлан Зуһраға үйленгісі келетінін айтады, бірақ Зуһра мен Ақеділ бір-бірімен сөз байласқан. Міне, осы жерден бастап қақтығыс туып, шиеленіс басталады. Қақтығыс – драмалық шығарманың күретамыры. Көркем әдебиетке ақ пен қараның, жақсылық пен жамандықтың, махаббат пен ғадауаттың, әділдік пен зұлымдықтың мәңгі арпалысы нысан болады десек, әсіресе драматургияда қақтығыстың орны бөлек болатыны заңды. Ал қақтығысты тудыратын да, оны дамытатын да – көркем бейне. Оның бүтін бітімі қақтығыс аясында ашылып, оқырманға эстетикалық әсер сыйлайды. «Көмбе нанның дәмі» туындысында Жасұлан мен Ақеділдің, Зуһра мен анасының, неміс шал мен түрік кемпірдің арасындағы қақтығыс шығарманың шиеленісін күшейтіп тұр. Социалистік реализм қақтығыстың түп-өзегінде таптық күрес пен әлеуметтік теңсіздік жатады дейді. Алайда, аталмыш пьесадан біз таптық күресті де, әлеуметтік теңсіздікті де көре алмаймыз. Біздіңше, қақтығыстың өзегінде кейіпкердің дүниетанымы, мәдениеті – болмыс-бітімін қалыптайтын құндылықтары жатады. «Көмбе нанның дәмі» пьесасындағы кейіпкерлердің әлеуметтік жағдайы тең болса да, олардың дүниетанымында қайшылық бар. Тіпті анасы мен қызы бірін-бірі ұғыса алмайды. Бір қызығы, өздері қарғап отырған совет билігі модерн әлемнің үлгісі ретінде көрінеді. Яғни, әркім сүйген адамына тұрмысқа шығуы керек деген тәртіпті совет заңы қорғайтыны айтылып қалады. Ашуға булыққан Жасұлан неміс шалдың үстінен арыз жазған. Оны білген әкесі ұлын өзі соғысқа аттандырмақ. Мақсаты – қазақтың атына таңба түсірген баласын жазалау. Бұл да ХХ ғасыр басындағы әкелер бейнесін танытар деталь. Жас жігітті соғысқа аттандырмақ болып жиналғанда әрқайсысы өткен тарихын, туған жер, өскен ортасын айтып, бұрынғы бейбіт күндерін

еске алысады. Алайда, бір күнде заман өзгеріп, бейбіт өмір келмеске кеткен. Енді бәрі де қазақ ауылында күн кешіп жатыр. Дастарқанға көмбе нан қойылады. Драматург деталь ретінде пайдаланған көмбе нан осы жерде қазақ ұлтының мінезі мен болмысын ашатын жансыз бейне деңгейіне шыққан:

«*Неміс шал*. Жарайды, мен қайтайын. Жайық, аман бол. Осы дастарқан басында тек жақсылықта жүздесейік. Жәмила, сенің көмбе наныңның дәмі таңдайымнан ешқашан кетпейді енді.

Жәмила. Әлі талайын жабамын бұл нанның. Тек заман тыныш болсын. Соғыс аяқталып, бейбітшілік орнаса екен тезірек» (Омарова, 2020: 85). Көмбе нан – қазақтың кең дастарқанының, ақ-адал пейілінің символы. Олардың бір ғана тілегі бар – тыныштық. Драматург осындай қайғы-қасіретке тап болып отырса да, өмірге деген құштарлығын жоғалтпаған, қайта өзге ұлт өкілдерінің өмірін сақтап қалуға сеп болған қазақ әйелдерінің бейнесін ұтымды аша білген. Қазақ ауылында бас көтерер ер кісі жоқ. Қариялар мен балаларды айтпағанда, әйелдер мен соғыстан есі ауысып келген бригадир ғана бар. Осындай әлжуаз адамдардың өмірге деген құштарлығы оқырманға шабыт сыйламай қоймайды. Соғыс туралы жазылған шығармалар аз емес. Ал М.Омарова зұлмат жылдарындағы қазақ ауылындағы қарапайым әйелдердің өмірін суреттеу арқылы олардың басына түскен ауыртпалық соғыстағы сарбаздардың жүгінен бір мысқал кем емес екенін сезіндіреді. Ағира, Гүлжамал, Жәмила сынды қазақ әйелдерінің бейнесі соның дәлелі.

Жазушының «Көмбе нанның дәмі» шығармасымен тақырыптық-идеялық тұрғыдан сабақтас шығармалары жоқ емес. Мысалы, «Ақтастағы Ахико» пьесасына Карлаг тұтқыны болған Ахико Тэцуру деген жапон жігітінің басынан кешкен оқиғалар арқау болса, «Chanel №5» шығармасына АЛЖИР-дегі ұлт зиялыларының әйелдерінің азапты тағдыры негіз болады. Аталмыш үш пьесаның ортақ тұстары аз емес. Үш шығарманың да көтерген тақырыбы мен идеялық концепциясы ұқсас. Сондай-ақ, үш пьесада да қазақ әйелдерінің бейнесі жан-жақты ашылады. «Адамзаттың бәрін сүйетін», «малым – жанымның, жаным – арымның садағасы» дейтін гуманистік принциптен тайқымай, өздері секілді қасірет шеккен жандарға соңғы нанын бөліп беретін әйелдердің өзгеше типіне куә боламыз. Мысалы, «Ақтастағы Ахико» шығармасындағы Ақтамақ – жалпы қазақ әйелінің бейнесі. Ол ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының анасы ретінде алынған. Ақтамақ Катяны құтқарып қалған. Енді, міне, Карлаг тұтқынында болған 22 мың жапонның бірі, 10 жыл түрмеде отырып 24 кг болып шыққан «тірі әруақты» да қамқорлығына алып отыр. Аталмыш пьесалар – қазақ әйелінің жан-дүниесінің айнасы. Жазушы қазақ қоғамының сыртқы сипатын ғана суреттеп қоймайды, оқырманды қоғамдық сананың ішкі қыртыс-қабаттарына үңілдіреді. Сол арқылы қазақтың менталды әлемімен жақынырақ таныстырады. Бұл шығармаларды ХХ ғасыр басындағы қазақ мінезі мен болмыс-бітімінің көркем ескерткіші деуге болады. Жазушының өзі де бір сұхбатында: «Бір жағынан, еліміздің өткенін, аталарымыз бен әжелеріміздің жүріп өткен тар жол, тайғақ кешуін әлсін-әлсін еске түсіріп, қайта жаңғыртып отырмасақ, бүгінгі жүріс-тұрысымызда не мән бар? Олардың қайраты, жасампаз жандарының қуаты – бізді осы күнге жеткізіп отыр, болашаққа потенциал болатын да осы жігер. Осындай сауапты іске кішкентай болса

да үлесімді қосу, қанымыздағы қасиеттерді өнер арқылы баяндап беру мүмкіндігіне ие болу – мен үшін үлкен абырой», – дейді (Әшірбаева, 2017).

М.Омарованың кейбір шығармаларына қазақ тарихында айтулы орны бар қайраткерлердің өмір жолы арқау болған. «Ыбырай «Күләш», «Абайдың жұмбағы», «Абай. Мінәжат-1», «Абай. Мінәжат-2», «Жамбыл», «Жұбан», «Шәмші» сынды пьесалар соның айғағы.

«Абай. Мінәжат-1» пьесасында автор мүлдем өзгеше түр тапқан. Шығармада қаламгердің тұлғасы көрінбейді. Тек Абайдың өз-өзінен есеп алған, өзін-өзі кінәлаған, өзімен-өзі арпалысқан тұлғасы ғана бар. Пьеса мәтіні толығымен Абайдың өлеңдері мен қарасөздеріне және ұлы ақынның рухани ұстазы саналатын Ясауидің хикметтеріне құрылған. Бұл туындыны оқи отырып біз екі түрлі Абайға кез боламыз. Бірі – ұлы Абай да, екіншісі – шайтанның ой салуымен сөйлейтін Абай. Екеуінің арасында қызу интеллектуалдық тартыс өрбиді. Тіпті бұл көркем шығармадан гөрі философиялық трактатқа ұқсап кетеді. Өйткені, Абайдың қос тұлғасы, негізінен, бір-бірімен экзистенциалдық тақырыптарда таласқа түседі. Монопьеса болғандықтан, тартыс атаулы кейіпкерлер арасында емес, жалғыз Абайдың ой-санасында жүзеге асады. Біз мұны автордың шеберлігі деп бағалаймыз.

М.Омарованың «Ыбырай» трагедиясының көркемдік қуаты мол. Автор Ыбырай Алтынсариннің қазақ баласына арнап мектеп ашқан сәтінен бастап, сол жолда күресе жүріп өмірден өткен сәтіне дейінгі оқиғаларды арқау еткен. Балғожа бидің мектеп ашылар сәтте бата беруі тарихи шындықпен жанаспайды. Әйтсе де, автор Ыбырайды тәрбиесіне алған Балғожаның тұлғасын дәл осы сәтте көрсетуі нанымды шыққан көркемдік шындық деп есептейміз. Аталмыш шығармада қақтығыс үш түрлі бағытта дамиды. Біріншісі – Ыбырай мен метрополия арасындағы қақтығыс. Автор империялық саясатты жүзеге асырушы шенеуніктердің кеңсесіндегі әңгіме арқылы отарлаушылардың мектеп ашудағы пиғылын былай жеткізеді: «Олар хат таныса және құл болуға жараса болды!» (Омарова, 2022: 257) Бірақ өздері сенім артқан Ыбырай оған кедергі болды. Оны біз қазақ халқын шоқындыру саясатының жобасын жасаушы Н.Ильминский мен Ыбырай арасындағы диалогтан байқаймыз:

«Николай. Сіз дос ретінде мүлтіксіз, тап-таза мөлдірсіз. Бірақ мен Сізбен ИМПЕРИЯ атынан сөйлесуге мәжбүрмін. Ресей Империясының Сізге жүктеген міндеттеріне адал бола алмадыңыз! Сіз біздің көңілден шықпай отырсыз, Ибраһим мырза!

Ыбырай. Егер Сіз Империя атынан сөйлесеңіз, маған қазақтың даласы, сол далада өркениетке жете алмай пұшайман болып отырған қазақ халқы атынан сөйлеуге рұқсат етіңіз. Менің жалғыз арманым – туған халқымның көкірек көзін ашып, еуропалық білім беру, шұбарланып бара жатқан қазақ тілінің табиғатын таза сақтау. Сырттан еріксіз таңылған миссионерлік дүниетаным мен жат педагогикалық жүйені бойыңа дарытпадың деп өкпелеме, досым. Бұл өкпеңіз орынсыз. Сіз өз Империяңызға, оның басқыншы саясатына қалай адал болсаңыз, мен де туған халқыма сондай адалмын!» (Омарова, 2022: 260). Бұл сөйлемдерде Ыбырайдың өмірлік миссиясы, арман-аңсары тұтас қамтылған. Ол, сонымен қатар, империялық жүйеге көзсіз қызмет ететін қазақтармен де қайшылыққа түседі. Біз оны пьесадағы

Жәнібек бейнесінен аңғарамыз. Ыбырай да, Жәнібек те Орынборда орысша оқу бітірген. Бірақ Жәнібек шоқынып, орысқа көзсіз берілген болса, Ыбырай өз дінін сақтап, туған халқының мүддесін бәрінен биік қояды. Өз дәуірінің озық білімін алған Жәнібек пен Ыбырайдың арасындағы қақтығысты ескі мен жаңаның арасындағы қақтығыс деуге болады. Өйткені, Жәнібек қыз балалардың білім алуына қарсы болса, Ыбырай керісінше қыздар мектебін ашуға ұмтылады. Бұл қақтығыс Айханыс, Мырзатай, Гүлжан сынды білімге құштар жандар мен Гүлжанның анасы сынды керітартпа кісілер арасындағы шиеленісте тіпті күшейе түседі. Қақтығыстың үшінші линиясы Ыбырай мен халық арасында өрбиді. Өйткені, халықтың басым бөлігі жаңалықты жылдам қабылдай қоймайды әрі консервативті сипатта көрінеді. Ал Ыбырай бейнесі модерн-жаңашыл сипатта танылады. Автор бұл қақтығыстың түпкі мәнін Ыбырайдың өз өлеңімен жеткізеді:

Аласы ағайынның аландатты,

Көре алмай көп ішінен жамандатты.

Шоқынды, кірес тақты, кәпір болды деп,

Келгенін ауызына айтып бақты (Омарова, 2022: 267). Алайда, автор Ыбырайды тарихи деректер негізінде ақтап алады. Ыбырайдың өзі пьесада былай ағынан жарылады: «Менің өз көздегенім бар. Ол мақсатқа тек орыстың қаржысын, ілімін, мәдениетін пайдаланып қана жетуге болады...» (Омарова, 2022: 272). Осылайша, Ыбырай бейнесі үш жақты қақтығыстың ортасында жан-жақты ашылады. «Мыңмен жалғыз алысқан» Ыбырай, ақыры, ағартушылық жолында, әкімшіл-әміршіл жүйенің қолшоқпары болған Жәнібектің қолынан қаза табады.

Мәдина Омарова тарихи тақырыптарды қаузаумен шектелген жоқ, сонымен қатар, қоғамның түйткілді мәселелерін көркем шығармаларына арқау ете отырып, өзінше үн қосып отырады. Мысалы, оның «Қызыл мия», «Коняк қосылған кофе», «Квартиранттар», «Гүлнар мен Нұржамал», «Жолаушы», «Әділет», «Жүздесу», «Ұйықтап қалма», «Қадір түні», «Менің қаһарман шөберем», «Үзілген ән», «Ер Тарғын», «Ғажайып көл», «Тор» сынды пьесалары қоғамдағы әртүрлі мәселелердің әлеуметтік, психологиялық һәм философиялық астарына үңілуге итермелейді. Жазушы-драматург қашанда эксперимент жасауға құштар. Ол, әсіресе, қоғамдық мәселелерді арқау еткен заманауи шығармаларында әдеби эксперименттерге батыл барады. Содан да болар, кейбір зерттеушілер М.Омарованы жаңа драманың өкілі деп есептейді. Мысалы, Ә.Бөпежанова жазушы-драматургтің 2020 жылы жарық көрген пьесалар жинағына жазған алғы сөзінде: «Жалпы алғанда, бүгінгі күн, бүгінгі замандастар үшін көкейкесті деген мәселелерді таза әлеуметтік тұрғыдан емес, жалпылық-жекелік сипаттардың диссонансы арқылы ашатын және бірден көзге ұрмайтын психологиялық-интеллектуалдық талдауларда беретін М.Омарованың бұл шығармаларын жаңа драмаға жатқызуға болады», – деп тұжырым жасайды. (Омарова: 2020: 6). Әйтсе де, М.Омарованың тұтас шығармашылығы жаңа драмаға жатады дей алмаймыз. Оның драматургиялық шығармалары дәстүр мен жаңашылдықтың симбиозы іспеттес. Тіпті жаңа драмаға жататын пьесаларының өзінде классикалық әдебиетке тән салиқалылық басым.

М.Омарованың шығармаларының ішінде жаңа драманың белгілері мейлінше анық көрінетін туындыларының бірі – «Әділет» пьесасы. Кейіпкерлердің тілдік

норманы бұзып, шұбарлап сөйлеуі, тіпті бейәдеп сөздерді қолдануы, моральдық-этикалық принциптерге қайшы әрекет етуі, шығармадағы уақыт пен кеңістіктің тым шектеулі болуы, автордың қоғамдағы көлеңкелі тақырыптарды қозғауы және өмір шындығын боямасыз, қаз-қалпында беруге ұмтылуы сынды жаңа драманың белгілерін біз аталмыш шығармадан кездестіреміз. Шығарманың өне бойында біз бір-біріне мүлдем кереғар типтегі Әділет пен Дәулет есімді кейіпкерлердің бітіспес дау-таласына куә боламыз. Екеуінің де жасы 35-те, бір үйде өмір сүреді, бірақ бірін-бірі жек көреді. Әділет жүзге дейін санап болған соң, қолындағы тапаншамен өзіне-өзі қол жұмсауға бекінген. Бірақ саннан жаңыла береді. Тоқтаған тұста есіне сол жастағы естеліктері түсіп, тұтас өмірін сарапқа салуға тырысады. «Он жеті, он сегіз, он тоғыз жасымда мен Гүліммен бірге болдым» (Омарова, 2022: 450). Екі кейіпкер бірін-бірі өте жақсы таниды, содан да өмірінің әр кезеңіндегі істерін айтып бірін-бірі айыптайды. Оқырман бұның жұмбағын шығарма соңындағы «Бұл біз куә болған полемика Әділеттің өз өзімен, өзінің жармақ егізімен болғанға ұқсайды...» деген сөйлемді оқығанда ғана шешеді. Шығарманың шешімі соңғы сөйлемде тұр. Яғни, Әділет пен Дәулет – бір адам. Т.Әбдіковтің «Парасат майданы» туындысын талдаған Н.Худайбергенов: «Жеке адамның құндылықтарын ашу арқылы қоғамдық сананың бүгінгі қалпын танытқан. Автор ол мақсатына ұжымдық қатынастарға түскен кейіпкер арқылы емес, негізінен жеке-дара болмысын терең ақтару арқылы ашуға тырысқан. Бүгінгі әдебиеттің өзегінде тұлға тұрғанын осыдан да аңғаруға болатын сияқты. Көркемдік-эстетикалық, философиялық-психологиялық детальдің бәрі тұлға төңірегіне топтасады. Тұлға – оның бүтін бітімі, терең танымы; тұлға – тарих, тұлға – әлеумет, тұлға – қоғам, тұлға – табиғат байланыстары негізінде көрініс табады», – дейді (Худайбергенов, 2022: 64). Біздіңше, «Әділет» пьесасының да осындай ерекшеліктері бар. Автор мәтінде ойындық элементтерді пайдаланады. Шындығында, Дәулет пен Әділеттің арасында талас-тартыс болған жоқ. Оның бәрі Әділеттің ой-санасында жүзеге асқан. Содан да болар, Әділет пен Дәулет бірін-бірі өте жақсы таниды, тіпті ешкімге тіс жарып айтпаған сырларына дейін біледі. Пьесаны оқу барысында оқырман мұның бәріне нанады. Біресе Дәулетке, біресе Әділетке болысып, әрі-сәрі күй кешеді. Алайда, шығарманы оқып біткенде оқырманның ой-санасында енді қалыптанып біткен әлемнің күл-паршасы шығады. Себебі, бағанадан бері шын сеніп отырған оқырман шын мәнінде болмаған оқиғаға жүрегін ауыртып отырғанын, автордың құрған «қақпанына» түскенін байқайды.

Жаңа драмаға тән белгілердің басында шығармадағы тілдік деформацияларды айтуға болады. Әдетте, кейіпкерлер ауызекі стильде сөйлейтіні өз алдына, синтаксистік һәм стилистикалық талаптарды сақтамайды және жаргон сөздер мен бейәдеп сөздерді ашық қолдана беруімен ерекшеленеді. «Әділет» пьесасынан ондай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. «Мына немене біржолата пәтерден шығып кетті?» (Омарова: 2022: 456), «Ни фи га себе!», «И так хренево» (Омарова, 2022: 447), «Ой, слабак. Не деген сорлы едің... Не могу» (Омарова, 2022: 448), «Дәретханаға барғым келіп тұр» (Омарова: 2022: 455) т.б. Шығармадан тіпті бұдан да сорақы мысалдарды кезіктіруге болады. Жаңа драманың өкілдері кейіпкерлерінің аузына бейәдеп сөздерді салып, тілдік нормаларды қасақана бұза сөйлетуі арқылы

қоғамның шындығын қаз-қалпында көрсетуді мақсат етеді. Содан да шығармада көркем-әдеби стильден гөрі ауызекі стиль басым болады. «Тілі нашар шығарма өрге баспаса, тілі нашар пьесаға тіпті күн жоқ. Себебі, шұрайлы тілсіз характер көріне алмайды» (Нұрғали, 2013: 143) деген классикалық қағидаттың талабына жаңа драма мүлде сәйкес келмейді. Мұның өзі қазіргі әдебиетке жаңа сипаттағы сөз келгенін және мұндай мәтіннің табиғатын таныту үшін де жаңа сипаттағы теориялық тұжырымдамаларға сүйену қажеттігі сезіледі. Осындай пікірді К.Тренсени мен Б.Кокрен де айтады әрі олар қазіргі заманғы драмаларды талдаудың жаңа үлгісін ұсынады (Тренсени & Кокрен, 2014). Сондай-ақ жаңа драмада күнделікті тұрмыстынысымызға еніп кеткен дүниелер шығармада сол қалпында көрінеді. Мысалы, әлеуметтік желілер, интернет арқылы кәсіп жасау т.б. Шығармадағы уақыт пен кеңістіктің де көтерген жүгі ауыр және ол шығарма поэтикасына айтарлықтай салмақ артып тұр. Себебі, көркем туындының өне бойында жалғасын табатын танымдық қақтығыс бір үйдің ішінде ғана өтеді әрі көркемдік уақыттың да тым шектеулі екенін көреміз.

Әдетте, жаңа драмадағы кейіпкерлердің тұлғасы өте күрделі болып келеді. Оларға жақсы не жаман деп баға беру қиын. Дәулеттің де, Әділеттің де бойында пендешілік көп әрі адамгершілік қасиеттері де жоқ емес. Әдебиеттанушы Е.Қуатбекұлы жаңа драмада негізгі кейіпкерлер әдетте маргиналды бейнеде көрініс табатынын дәл байқаған (Орда және басқалар, 2016: 295). Екі кейіпкердің болмысына үңілсек, біз олардың маргиналданған қоғамның өкілдері екенін көреміз. Олар тілін шұбарлап сөйлейді, ұлттық негізінен ажыраған, бірақ заман талабына сай біліммен қаруланған. Содан да әлеуметтік-қаржылық жағдайы жақсы. Алайда, олардың моральдық-этикалық Темірқазығы жоқ: бейәдеп сөйлеуден, өтірік айтудан тартынбайды. Тіпті адам өлтіруден де жаны түршікпейді. Шығармадан біз Әділеттің дәретханаға барып келемін деп кетіп, өз әйелін өлтіріп, оны Дәулеттің төсегіне жатқызып келгенін оқимыз (Омарова, 2022: 456). Оның әйелі де, анасы да осындай сипатта танылады. Адамгершілік принциптерді саналы түрде аяққа таптаса да, өздерін мүлдем кінәлі сезінбейді. Шығарма Әділеттің Дәулетті атып өлтіруімен аяқталады. Жазушы жалғыз кейіпкердің ой-санасындағы қайшылықтарды суреттей отырып жатсынған адамның ғана емес, тұтас қоғамдық мәселелердің астарына үңілуге шақырады.

4. Нәтижелер

Біз жазушы-драматург М.Омарованың кейбір көркем-әдеби шығармаларына талдау жасай отырып оның жалпы қаламгерлік қолтаңбасын анықтауға тырыстық. М.Омарова тарихи тақырыптар мен қазіргі қоғамдық мәселелер төңірегінде бірдей қалам тербейді. Қазіргі қазақ әдебиетінде тарихи дискурстың үстем екені анық. Әйтсе де, М.Омарованың тарихқа деген көзқарасы, тарихи оқиғаларды көркем интерпретация жасау тәсілі әсіресе аға буын өкілдеріне ұқсамайды. Ол қазақ тарихындағы елеулі оқиғаларды және ірі тарихи тұлғалар болмысын бүгінгі оқырманға танытуда жаңа түр таба білген. Ал заманауи тақырыптағы туындыларында модернистік әдебиеттің мүмкіндіктерін мейлінше молынан пайдаланады. Біз оны кейіпкерлер тұлғасынан, шығарма тілінен, мазмұн мен форма үйлесімінен

анық байқаймыз. Әдетте, жаңа мазмұн жаңа түр туғызады. Десек те, М.Омарова белгілі оқиғалар мен тұлғалардың өзін жаңа түр тауып танытуға шебер. Біз мұны драматургтің шығармаларының композициялық құрылымынан анық байқаймыз. Пролог, экспозиция, байланыс, шиеленіс, кульминация, шешімі деп келетін дәстүрлі композициялық құрылымның реттілігі М.Омарова шығармаларында кейде мүлдем басқаша өрбиді. Яғни, ол шығарманың композициялық бөліктерінің өзін түрлендіре қолданады. Осылайша, ол әртүрлі стильдік-жанрлық эксперименттерге бара білген. Біз мұны М.Омарованың драмалық шығармаларының жанрлық сипатынан да анық аңғарамыз. Мысалы, ол 20-ға жуық әдеби-драмалық түрде шығарма жазған. Атап айтар болсақ, деректі драма («Ақтастағы Ахико», «Chanel N5»), бір актілі драма («Көмбе нанның дәмі», «Жамбыл», «Ыбырай», «Қадір түні»), бір актілі трагикомедия («Гүлнар мен Нұржамал», «Ұйықтап қалма»), бір актілі музыкалық қысқа комедия («Келін»), бір актілі мистикалық драма («Жүздесу»), бір актілі жыр («Ер Тарғын»), екі көріністі драма («Әділет»), екі көріністі комедиялық драма («Квартиранттар»), екі актілі драма («Коньяк қосылған кофе»), үш көріністі пьеса («Жолаушы»), монодрама («Күләш»), музыкалық драма («Шәмші»), ремейк («Қан мен тер»), монопьеса («Абай. Мінәжат-1», «Менің қаһарман шөберем»), мистикалық композиция («Абай. Мінәжат-2»), романтикалық трагедия («Қызыл мия»), пьеса-ертегі («Мама»), музыкалық биография («Үзілген ән») сынды драмалық жанрдың түрлерін еркін игергеніне көз жеткіземіз. Аталмыш шығармалардың көбіне ортақ ерекшелік – қысқалығында. Яғни, біз бұдан қазіргі әдебиеттегі жанрлардың минимизация үрдісі М.Омарова сынды қаламгерлердің шығармашылығында көрініс тауып жатқанын байқаймыз.

5. Қорытынды

Қазіргі қазақ драматургиясының көрнекті өкілі М.Омарованың қаламынан 30-дан астам пьеса туса, соның 25-ке жуығы Қазақстанның әртүрлі қалаларында сахналанғанын қазіргі қазақ әдебиетіндегі сирек құбылыс ретінде бағалауға болады. Алайда, оның пьесалары әдебиеттанушылар тарапынан әлі де болса көп талдана қойған жоқ.

М.Омарованың шығармашылығында әрі тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалар өмірі, әрі бүгінгі қоғамның көкейкесті мәселелері даралана көрінеді. Жазушы-драматург аталмыш екі бағытта да соны түр табуға, белгілі дүниенің өзін өзге қырынан танытуға, жаңаша интерпретация жасауға ұмтылатынымен ерекшеленеді. Ол «Ақтастағы Ахико», «Көмбе нанның дәмі», «Chanel №5», «Шақан шері», «Қан мен тер», «Ыбырай «Күләш», «Абайдың жұмбағы», «Жамбыл», «Жұбан», «Абай. Мінәжат-1», «Абай. Мінәжат-2», «Шәмші» пьесаларында қазақ тарихында елеулі орны бар тұлғалар бейнесін танытып, ірі қоғамдық-саяси оқиғалардың астарына үңілуге шақырады. Мысалы, «Көмбе нанның дәмі», «Ақтастағы Ахико», «Chanel №5» пьесаларының идеялық концепциясы ортақ. Аталмыш үш шығарманы ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы зұлмат жылдардың көркем шежіресі деуге болады. Жазушы бұл шығармаларда қазақ әйелдерінің бейнесін, сол арқылы ұлттық психологияны терең аша білген деп есептейміз.

М.Омарованың қазіргі қоғамның түйткілді мәселелерін арқау еткен көркем шығармаларының да өзіндік ерекшеліктері бар. Заманауи тақырыптағы драмаларында

автор модернизм поэтикасын мейлінше еркін пайдаланатыны байқалады. Мұны біз шығарманың композициялық құрамынан, шығарма тілінен, кейіпкерлердің болмысынан және жанрлық-стильдік ізденістерінен көре аламыз. Біз М.Омарованың заманауи тақырыптағы шығармаларынан қазіргі қазақ әдебиетіндегі жанрлардың минимизациясы үрдісін байқаймыз. Өйткені, автор белгілі бір мазмұнды тосын түр тауып жеткізуге ұмтылады. Сонымен қатар, қазіргі әдебиеттің өзегінде жеке тұлға тұрғанын, қоғамдағы өзекті мәселелердің бәрі дерлік жеке адам болмысына үнілу арқылы ашылатынын, соның себебінен көркем шығарманың нарратологиялық-дискурстық машық-мәнері құбылатынын да біз М.Омарованың драмаларынан көре аламыз.

Әдебиеттер:

1. Әнес, Ф., Сөйлемез, О., & Қабылов, Ә. (2023). Ә.Кекілбаевтың «Абылай хан» драмасының идеялық-көркемдік ерекшеліктері. *«Керуен» ғылыми журналы*, 81(4), 74–86. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-05>
2. Әшірбаева А. Прозаға оралатыныма сенемін. Жазушы, драматург Мадина Омаровамен сұхбат. 16.05.2017. <https://oner.kz/theatre/view/4728-madina-omarova-prozaga-oralatynyma-senemin>
3. Қазіргі қазақ драматургиясындағы инновациялық ізденістер (1991–2016 жж.): Ұжымдық монография. – Алматы: «Print express», 2020. – 330 б.
4. Нұрғали Р. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2013. Т.1. Драма өнері: монография. I кітап. – 320 б.
5. Омарова М. Көмбе нанның дәмі. – Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ, 2020. – 256 б.
6. Омарова М. Менің қаһарман шөберем. – Алматы: «Жалын» баспасы, 2022. – 576 б.
7. Орда Г. Сөз құдіреті: Зерттеулер мен мақалалар. / Г.Орда. – Алматы: «Қаратай КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016. – 384 б.
8. Сарасөз. Абай ТВ. Қаракөз Сүлейменова мен Мадина Омарова. <https://abaitv.kz/kz/videos/3128>
9. Худайбергенов Н. Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар (1991–2016 жж.) // Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2020. – 163 б.
10. Trencsényi, K., & Cochrane, B. (2014). *New dramaturgy: international perspectives on theory and practice*. 280 p. <https://doi.org/10.5040/9781408177075>

References:

1. Anes, G., Soilemez O., & Kabylov A. (2023). Ideal-artistic originality of A. Kekilbayev's drama «Abylai khan». *The Scientific Journal «Keruen»*, 81(4), pp. 74–86. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-05>
2. Ashirbaeva A. (2017) I believe that I will return to prose. Interview with writer, playwright Madina Omarova. 16.05.2017. (in Kaz). Link: <https://oner.kz/theatre/view/4728-madina-omarova-prozaga-oralatynyma-senemin>
3. Khudaibergenov N. (2020). Universal human values in modern Kazakh prose (1991–2016) // Dissertation prepared for the degree of Doctor of Philosophy (PhD), Almaty. - 163 pages. (in Kaz).
4. Innovative research in contemporary Kazakh drama (1991–2016): Collective monograph. - Almaty: «Print express», 2020. – 330 p. (in Kaz).
5. Nurgali R. (2013). Works. - Astana: Foliant. T.1. Dramatic art: monograph. Book I. – 320 p. (in Kaz).
6. Omarova M. (2020). The taste of Kombe bread. – Almaty: «Almaty-Bolashak». – 256 p. (in Kaz).
7. Omarova M. (2022). My hero great-grandson. – Almaty: «Zhalin» publishing house. – 576 p. (in Kaz).
8. Orda G. (2016). The Power of Words: Studies and Articles. / G. Orda. – Almaty: «Dastur». – 384 p. (in Kaz).
9. «Sarasoz» (2022). Abay TV. Karakoz Suleymenova and Madina Omarova. (in Kaz). Link: <https://abaitv.kz/kz/videos/3128>
10. Trencsényi, K., & Cochrane, B. (2014). *New dramaturgy: international perspectives on theory and practice*. – 280 p. <https://doi.org/10.5040/9781408177075>